

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП: ТӘРБИЕШІНІҢ ЭТИКАСЫ МЕН
МӘДЕНИЕТІ»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы**

Ақтау 2025 ж.

Бағдарлама авторлары: Жангозиева Манет Салықбаевна - Yessenov University, жалпы педагогика кафедрасының аға оқытушысы
Жарылгасова Перуза Есенгалиевна – Yessenov University, жалпы педагогика кафедрасының аға оқытушысы

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын **ескере отырып әзірленген.**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарлама тақырыбы.....	5
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	7
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	8
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	8
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	8
9. Курстан кейінгі қолдау.....	9
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	10

Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, типтік біліктілік сипаттамалары, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйым қызметіне қатысты өзге де нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған талаптарға сәйкес әзірленген. Аталған құжаттарда педагог қызметкерлердің кәсіби әдебін сақтау, этикалық жауапкершілігін күшейту, ата-аналармен, әріптестермен және тәрбиеленушілермен құрметті, ашық және адамгершілік қағидаттарға негізделген қарым-қатынас орнату міндеттері нақты белгіленген.

«Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарының педагог қызметкерлеріне арналған. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде келесі нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттар ескерілді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделін бекіту туралы» қаулысы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығы;

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ЗРК «Педагогтің мәртебесі туралы» Заңы;

1. Жалпы ережелер

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласына қойылатын талаптар күшейіп, педагогтардың кәсіби қызметіне қатысты сын-пікірлер де жиі айтылуда. Бұл сынның артуына бірнеше фактор әсер етеді.

Біріншіден, қоғамның мектепке дейінгі ұйымдардан күткен үміті жоғарылап, ата-аналар тарапынан тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігіне, балалармен қарым-қатынасының сапасына, қауіпсіздік пен даму ортасын дұрыс ұйымдастыруына қатысты талаптар айтарлықтай өсті.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте педагогтардың этикалық нормаларды бұзуы немесе кәсіби әрекеттегі кемшіліктерге байланысты түрлі жағдайлардың жариялануы мектепке дейінгі педагогтердің беделіне әсер етіп, олардың жұмысына қатысты қоғамда сынның күшеюіне әкелуде.

Үшіншіден, мектепке дейінгі ұйымдардағы кадрлық жетіспеушілік, жас мамандардың тәжірибесінің аздығы, жұмыс жүктемесінің көптігі және эмоционалдық күйзеліс те педагог қызметінің сапасына теріс ықпал етіп, кәсіби талаптардың толық орындалмауына себеп болуда.

Сонымен қатар, педагогикалық әдеп нормаларын сақтамау, ата-анамен өзара түсініспеушілік, балалармен қарым-қатынаста эмоционалдық-тәрбиелік қателіктер жіберу сияқты мәселелер де педагог жұмысының қоғам тарапынан сынға ұшырауына негіз болуда.

Осыған байланысты педагогикалық қауымдастық алдында тәрбиешілердің кәсіби мәдениетін, этикалық жауапкершілігін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және педагог беделін арттыру мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр.

«Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» курсы мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін, әдеп нормаларын сақтау мәдениетін және кәсіби этиканы меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған.

Курс педагог қызметкерлердің кәсіби этика талаптарын түсінуін, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруын, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара әрекеттесу барысында этикалық нормаларды дұрыс қолдануын қамтамасыз етеді.

Курс Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне, оның ішінде:

- «Педагогтің мәртебесі туралы» Заңға;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің педагогикалық әдеп жөніндегі нормативтік құжаттарына;
- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласына қатысты кәсіби стандарттар мен этикалық кодекстерге сүйене отырып әзірленеді.

Курстың мақсаты – тәрбиешілердің кәсіби әрекетінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға, мәдени қарым-қатынасты дамытуға, этикалық жағдаяттарды шешу дағдыларын қалыптастыруға әдістемелік қолдау көрсету.

Курс міндеттері:

- педагогикалық әдептің мәні, принциптері және функциялары туралы білім беру;
- тәрбиешінің кәсіби этикасы мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған практикалық дағдыларды дамыту;
- тәрбиеленушілермен, ата-аналармен, әріптестермен тиімді және мәдениетті қарым-қатынас орнату жолдарын меңгерту;
- конфликтілі педагогикалық жағдайларды этикалық нормаларға сүйене отырып шешу қабілетін арттыру;
- педагогтің кәсіби беделін нығайтуға және әдеп нормаларын сақтауға ынталандыру.

Курс мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби қызметін этикалық нормалармен реттеуді нығайтуға, педагогтің кәсіби беделі мен жауапкершілігін арттыруға, тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғауға және қауіпсіз, қолайлы тәрбиелеу мен оқыту ортасын құруға ықпал етеді.

Курс мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен тәрбиешілеріне, әдіскерлерге, педагог-психологтарға және осы салада қызмет ететін мамандарға арналған.

2. Глоссарий

1. Әдеп - мінез-құлық пен қарым-қатынасты реттейтін моральдық қағидалар жүйесі.

2. Педагогикалық әдеп - педагогтың кәсіби қызметінде сақталатын адамгершілік нормалар мен мінез-құлық қағидалары.

3. Педагогикалық этика-педагогикалық қарым-қатынас пен қызмет барысындағы моральдық қатынастар туралы ғылым.

4. Кәсіби этика- мамандыққа тән моральдық нормалар мен құндылықтар жиынтығы.

5. Педагогикалық мәдениет-педагогтың кәсіби құзыреттілігі, этикалық тәртібі, сөйлеу мәдениеті және жалпы мәдени деңгейі.

6. Қарым-қатынас мәдениеті - сөйлеу әдебі, тыңдай білу, өз пікірін орынды жеткізу қабілеті.

7. Педагогикалық такт-орынды, сыпайы, мәдениетті түрде әрекет ете білу шеберлігі.

8. Педагогтың беделі -қоғам, ата-ана және тәрбиеленушілер тарапынан көрсетілетін сенім мен құрмет деңгейі.

9. Кәсіби жауапкершілік -педагогтың өз іс-әрекетіне моральдық әрі құқықтық жауап беру міндеті.

10. Педагог мәртебесі - педагогтың кәсіби құқықтары, міндеттері және әлеуметтік рөлі.

11. Гуманизм-адамды жоғары құндылық деп танып, оған құрметпен қарау қағидасы.

12. Моральдық нормалар - қоғамда реттелетін адамгершілік талаптары.

13. Әдеп бұзушылық - этикалық нормаларды бұзу немесе әдепке қайшы әрекет.

14. Этикалық кодекс- педагогтың қызметіне қатысты моральдық-адамгершілік нормалар тізбесі.

15. Педагогикалық деонтология- педагогтың кәсіби борышы мен міндеттерін зерттейтін сала.

16. Этика принциптері - әділдік, шыншылдық, құрмет, жауапкершілік сияқты негізгі қағидалар.

17. Субординация - қызметтік қарым-қатынаста рөлдер мен иерархияны сақтау мәдениеті.

18. Толеранттылық - жеке айырмашылықтарды, пікір алшақтығын құрметпен қабылдау.

19. Конфликт- мүдделер қайшылығынан туындайтын келіспеушілік.

20. Коммуникативтік құзыреттілік - тиімді, мәдениетті қарым-қатынас орната білу қабілеті.

21. Вербалды қарым-қатынас - сөз арқылы ақпарат жеткізу.

22. Вербалсыз қарым-қатынас - ым, мимика, дауыс ырғағы арқылы қарым-қатынас жасау.

23. Эмоциялық интеллект - өз эмоциясын түсіну, басқара білу және өзгелердің көңіл күйін тану қабілеті.

24. Эмоциялық тұрақтылық - күрделі жағдайларда өзін-өзі ұстай білу.

25. Эмпатия - басқаның жағдайын түсініп, сезіне алу.

26. Педагогикалық рефлексия - өз әрекетін талдау және бағалау дағдысы.

27. Әдеп нормалары- мәдени мінез-құлық ережелері.

28. Кәсіби қарым-қатынас - қызметтік міндеттерді орындау кезінде орнатылатын ресми байланыстар.

29. Әлеуметтік этика - қоғамдағы адамдардың қарым-қатынастарын реттейтін моральдық негіздер.

30. Баламен қарым-қатынас әдебі - баланың тұлғалық ерекшеліктерін құрметтеу және қауіпсіз орта қалыптастыру.

31. Ата-анамен қарым-қатынас мәдениеті - өзара сыйластық, әріптестік және ашық диалог ұстанымы.

32. Әріптестік қарым-қатынас - бірлескен жұмыстағы өзара құрмет пен ынтымақтастық.

33. Кәсіби имидж - педагогтың сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті және жалпы бейнесі.

34. Педагогикалық ықпал ету - баланың дамуына бағытталған тәрбиелік іс-әрекет.

35. Этикалық дилемма - моральдық тұрғыдан екіұдай жағдай.

36. Әдептілік- сыпайылық, мәдениет және адамгершілікке сай мінез-құлық.

37. Қызметтік құпия - педагогтың жария етпеуге міндетті ақпараттары.

39. Педагогикалық әділдік - балаларға тең және әділ қатынас жасау.

40. Қызметтік этикет -іскерлік қарым-қатынас нормалары.

41. Әдептік тәуекелдер - педагогтың әдеп бұзу ықтималдығы бар жағдайлар.

42. Әдепті шешім қабылдау -этикалық нормаларға сай әрекет таңдауы.

43. Педагогикалық құзыреттілік - кәсіби білім, білік, дағды жиынтығы.

44. Әлеуметтік жауапкершілік - қоғам алдындағы парыз бен міндет сезімі.

45. Педагогикалық қолдау мәдениеті - баланың жеке ерекшелігін ескеріп, қолайлы орта қалыптастыру.

46. Әдепті коммуникация - сыпайылыққа негізделген қарым-қатынас стилі.

47. Педагогикалық сенім - педагог пен бала арасындағы өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас.

48. Тәртіп ережелері - ұжымда немесе ұйым ішінде сақталатын тәртіп нормалары.

49. Педагогикалық адалдық- шындыққа, әділдікке негізделген кәсіби әрекет.

50. Моральдық тәрбие- балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жүйесі.

3. Бағдарламаның тақырыптары

Бағдарлама тақырыптары Қазақстан Республикасы білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты аясында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын талаптармен, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілік сипаттамаларымен айқындалады.

«Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» біліктілікті арттыру курсы Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінде қалыптасқан стратегиялық бағыттар мен нормативтік талаптарға толық сай келеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында педагогтердің кәсіби этикасы, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл бағдарлама білім беру сапасын арттырудың, педагог мәртебесін көтерудің және тәрбиеленушілердің қауіпсіз, қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз етеді.

1.Тәрбиеші - педагог мамандығының моральдық құндылықтары және кәсіби этика Тәрбиеші-педагог мамандығы – жоғары адамгершілік жауапкершілікті, кәсіби адалдықты және этикалық мінез-құлықтың жоғары деңгейін талап ететін қоғамдағы ең маңызды мамандықтардың бірі. Мектепке дейінгі ұйым педагогының моральдық құндылықтары оның кәсіби әрекетінің

өзегі болып табылады және баланың тұлғалық қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Тәрбиешінің кәсіби қызметіндегі негізгі моральдық құндылықтарға адамгершілік, мейірім, әділдік, сыйластық, жауапкершілік, төзімділік, адалдық және кәсіби шынайылық жатады. Бағдарлама осы құндылықтар арқылы тәрбиешінің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасындағы мінез-құлқын айқындап, білім беру ортасының қауіпсіз әрі қолайлы болуына негіз қалайды.

2. Балалармен қарым-қатынас этикасы: эмоционалдық қауіпсіздік және қолайлы орта қалыптастыру Балалармен қарым-қатынас этикасы мектепке дейінгі педагог қызметінің маңызды компоненті болып табылады. Эмоциялық қауіпсіздік пен қолайлы тәрбие ортасын қамтамасыз ету педагогтың кәсіби әдеп нормаларын сақтауымен тікелей байланысты. Тәрбиеші балалардың сезімін, қажеттіліктерін түсініп, сыйластық пен қамқорлыққа негізделген қарым-қатынас орната білуі керек. Бұл тәсіл балалардың сенімділігін арттырып, олардың психологиялық дамуына қолайлы жағдай жасайды, сондай-ақ әлеуметтік және эмоционалдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама этикалық қарым-қатынас қағидаларын сақтау арқылы педагогтың кәсіби беделін нығайтуына және мектепке дейінгі білім беру ұйымында қауіпсіз, қолайлы, дамытушы ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Педагогтың кәсіби имиджі және мәдени мінез-құлық стандарттары Педагогтың кәсіби имиджі – оның сыртқы көрінісі, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлқы және кәсіби беделінің көрінісі болып табылады. Мәдени мінез-құлық стандарттары педагогтың балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасының этикалық нормаларын сақтауға бағытталған. Бағдарлама арқылы қалыптасқан жоғары кәсіби имидж пен мәдени мінез-құлық педагогтың сенімділігін арттырады, кәсіби беделін нығайтады және мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқыту процесінің тиімділігіне оң әсерін тигізеді.

4. Ата-анамен қарым-қатынас мәдениеті және әріптестік этикасы Ата-анамен қарым-қатынас мәдениеті – педагог пен отбасы арасындағы тиімді, ашық және құрметке негізделген байланыс жүйесі. Әріптестік этикасы педагогтың ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас нормаларын сақтауын, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуін қамтиды. Бағдарламада игерген осы қағидаларды ұстану балалардың дамуы мен тәрбиесінің сапасын арттырып, мектепке дейінгі ұйымдағы сенімді, үйлесімді және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5. Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы: стрессті басқару және этикалық тепе-теңдік Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы – кәсіби қызметінде психологиялық тұрақтылықты сақтап, стресс жағдайларын тиімді басқару қабілеті. Этикалық тепе-теңдік педагогқа балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста мәдени, әділ және сыпайы әрекет етуге мүмкіндік береді. Бағдарлама эмоциялық тұрақтылық пен этикалық тепе-теңдік сақтауға үйрете отырып, педагогтың кәсіби беделін арттырып, мектепке дейінгі

ұйымдағы білім беру мен тәрбиелеу процесін қауіпсіз және тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

6. Этикаға қайшы жағдаяттарды кәсіби түрде дұрыс бағалау және шешім қабылдау Этикаға қайшы жағдаяттарды кәсіби түрде бағалау – педагогтың жағдайды объективті түрде талдап, моральдық және кәсіби нормаларды ескеру қабілеті. Дұрыс шешім қабылдау педагогқа балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әділдік, сыпайылық және жауапкершілік қағидаларын сақтауға мүмкіндік береді. Бағдарлама осы тәсілдердің педагогтың кәсіби беделін нығайтып, мектепке дейінгі ұйымдағы қауіпсіз, сенімді және дамытушы білім беру ортасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

7. Этикалық тәуекелдер: алдын алу, анықтау және басқару Этикалық тәуекелдерді басқару ұйымның ашықтық, әділдік және жауапкершілік принциптерін сақтауына негізделеді. Тәуекелдердің алдын алу қызметкерлердің этикалық мәдениетін қалыптастыру, нақты мінез-құлық кодексін енгізу және тұрақты профилактикалық оқыту арқылы жүзеге асады. Бағдарлама этикалық тәуекелдерді уақтылы алдын алу мен анықтау ұйымның беделін, сенімділігін және тиімді жұмысын сақтауға бағытталады.

8. Жеке кәсіби рефлексия және өзіндік даму стратегиялары

Бағдарламаның жаңашылдығы «Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» атты бағдарламасының жаңашылдығы оның педагогикалық этика, кәсіби әдеп және қарым-қатынас мәдениеті саласындағы заманауи халықаралық тәжірибе мен инновациялық әдістемелік тәсілдерді интеграциялауында жатыр. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби мінез-құлқы, этикалық шешім қабылдау, эмоционалдық тұрақтылық және балалармен, ата-аналармен, әріптестермен этикалық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаның жаңашылдықтарының негізгі аспектілері:

1.Қазіргі халықаралық стандарттармен интеграция

Бағдарлама педагогикалық этика мен мәдениет саласында халықаралық тәжірибелерді ескереді. Бұл тәрбиешілерді жаһандық деңгейде кәсіби талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

2.Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану

Бағдарламада интерактивті әдістер, жобалық жұмыстар, рөлдік ойындар, тренингтер және кейс-стадилер арқылы этикалық дағдылар мен мәдени құндылықтарды дамыту көзделеді.

3.Психологиялық және этикалық тұрғыдан бағытталған мазмұн

Тәрбиешілердің кәсіби мінез-құлқы, моральдық шешім қабылдау қабілеті, қарым-қатынас мәдениеті мен эмпатия сияқты аспектілерге ерекше көңіл бөлінеді.

4.Бағдарламаның практикалық бағыттылығы

Теориялық білімді нақты педагогикалық жағдайларда қолдануға үйрету, этикалық дилеммаларды шешу, балалармен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату тәжірибесін беру.

5.Кәсіби даму мен өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктері

Тәрбиешілердің өзіндік мәдени және этикалық құндылықтарын дамытуға, кәсіби рефлексия жасауға мүмкіндік беретін құрылымдалған модульдер қарастырылған.

6.Әлеуметтік және мәдени контекстке бейімделу

Бағдарлама ұлттық дәстүрлерді, мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, тәрбиешінің кәсіби этикасын қалыптастыруға бағытталған.

Курс бағдарламасының ерекшеліктері:

Кәсіби этикаға бағытталған мазмұн – бағдарлама тәрбиешінің кәсіби мінез-құлқы, моральдық құндылықтары мен жауапкершілігін қалыптастыруға негізделген.

Мәдени құндылықтарды дамыту – балалармен қарым-қатынас, этикалық шешім қабылдау және әлеуметтік нормаларды сақтау арқылы тәрбиешінің мәдени деңгейін көтеруге арналған.

Инновациялық әдістемелерді қолдану – рөлдік ойындар, кейс-стадилер, тренингтер және практикалық сабақтар арқылы білімді іс жүзінде қолдану дағдылары қалыптасады.

Психологиялық дайындыққа көңіл бөлу – эмоционалды интеллект, эмпатия және балалармен, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту қарастырылған.

Ұлттық және халықаралық контексттің интеграциясы – бағдарламада ұлттық дәстүрлер мен заманауи халықаралық педагогикалық стандарттар үйлестірілген.

Кәсіби өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі – тәрбиешілердің кәсіби рефлексия жасауына, жеке этикалық және мәдени құндылықтарын дамытуға жағдай жасалған.

«Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» бағдарламасының тақырыптарын өндеудің ғылыми-практикалық негіздемесі келесідей тұрғыда қарастырылады:

Ғылыми негіздеме

Бағдарлама педагогикалық этика, психология, мәдениеттану және педагогикалық ғылымдардың өзекті зерттеулеріне сүйенеді. Тәрбиешінің кәсіби мінез-құлқы мен этикалық құндылықтарын қалыптастыруға қатысты теориялық тұжырымдар бағдарлама мазмұнын қалыптастырудың негізін құрайды. Сондай-ақ, халықаралық стандарттар мен педагогикалық тәжірибелерді ескеру арқылы заманауи талаптарға сай білім беру мақсаттары айқындалады.

Педагогикалық тәжірибеге негізделуі Бағдарлама тақырыптары нақты тәрбие процесінде кездесетін жағдайлар мен этикалық дилеммаларға сай құрылымдалған. Мәселен, балалармен қарым-қатынас, тәрбиешінің рөлі,

моральдық шешім қабылдау, педагогикалық этика мен мәдениет дағдыларын қалыптастыру сияқты практикалық аспектілер бірінші кезекте қарастырылады.

Инновациялық және әдістемелік аспектілер Тақырыптар интерактивті әдістерге, рөлдік ойындарға, тренингтерге, кейс-стадилерге және практикалық тапсырмаларға бағытталған. Бұл тәрбиешінің теориялық білімін нақты жағдайларда қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық мәні Бағдарлама тақырыптары тәрбиешінің эмоционалды интеллекті, эмпатиясы және әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Бұл балалармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4.1. Бағдарламаның мақсаты: Тәрбиешілердің кәсіби этикасын, мәдени құндылықтарын және педагогикалық құзыреттілігін дамытып, балалармен тиімді және моральдық-этикалық негізде қарым-қатынас орнатуға қажетті теориялық және практикалық дағдыларын қалыптастыру.

4.2. Бағдарлама мақсаттары

«Кәсіби этика мен моральдық құндылықтарды қалыптастыру

Тәрбиешілердің кәсіби іс-әрекеттерінде этикалық стандарттарды ұстануға, педагогикалық жауапкершілікті арттыруға жағдай жасау.

Мәдени құзыреттілікті дамыту

Әлеуметтік нормалар мен мәдени дәстүрлерді құрметтеу, балалармен және ата-аналармен мәдениетті қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру.

Педагогикалық коммуникацияны жетілдіру

Эмпатия, эмоционалды интеллект және тиімді қарым-қатынас қабілеттерін дамыту арқылы тәрбиеші мен оқушы, тәрбиеші мен ата-ана арасындағы өзара түсіністікті күшейту.

Практикалық дағдыларды қалыптастыру

Теориялық білімді нақты педагогикалық жағдайларда қолдануға үйрету, этикалық дилеммаларды шешу және кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіру.

Өзіндік кәсіби дамуды қамтамасыз ету

Кәсіби рефлексия жасау, жеке этикалық және мәдени құндылықтарды бағалау және дамыту арқылы тәрбиешінің үздіксіз кәсіби өсуін қамтамасыз ету.

Ұлттық және халықаралық тәжірибені интеграциялау

Бағдарламада ұлттық дәстүрлер мен заманауи халықаралық педагогикалық стандарттарды үйлестіріп, тәрбиешінің кәсіби қызметін жаһандық деңгейде жетілдіру.

4.3. Бағдарламаның күтілетін нәтижелер

Кәсіби этика мен моральдық құндылықтарды меңгеру.Тәрбиешілер өз кәсіби іс-әрекеттерінде этикалық нормаларды тұрақты түрде қолдана алады, педагогикалық жауапкершілігі артады.

Мәдениет пен әлеуметтік құзыреттіліктің артуы.Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен мәдениетті қарым-қатынас орната алады, әлеуметтік нормаларды сақтайды.

Эмоционалды интеллект пен коммуникациялық дағдылардың дамуы.Эмпатия, конфликтілерді шешу, конструктивті қарым-қатынас жасау қабілеттері жетіледі.

Практикалық кәсіби дағдылардың қалыптасуы.Тәрбиешілер теориялық білімді нақты педагогикалық жағдайларда қолдануға, этикалық дилеммаларды тиімді шешуге қабілетті болады.

Өзін-өзі жетілдіру және кәсіби рефлексия мүмкіндіктерінің өсуі.Кәсіби іс-әрекетін бағалай алады, жеке этикалық және мәдени құндылықтарын дамытады, үздіксіз кәсіби өсуге бағыт алады.

Ұлттық және халықаралық тәжірибені үйлестіре білу.Бағдарлама аяқталған соң тәрбиешілер ұлттық дәстүрлер мен заманауи халықаралық педагогикалық стандарттарды біріктіріп, кәсіби қызметте қолдана алады.

5. Біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының құрылымы мен мазмұны

Біліктілікті арттыру курсы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтарына арналған. Бағдарлама жоспары 6 бөлімнен тұрады, тақырыптық модульдер (80 сағат).

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасының мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартына негізделген.

«Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» бағдарламасы модульдерінің мазмұны, міндеттері және күтілетін нәтижелері

№	Модуль атауы	Модуль мазмұны	Модуль міндеті	Күтілетін нәтижелер
1	Тәрбиеші - педагог мамандығының моральдық құндылықтары және кәсіби этика	Тәрбиеші мамандығының адамгершілік негіздері – мейірім, сыйластық, әділдік, жауапкершілік,	Тәрбиеші-педагог мамандығының моральдық құндылықтары мен этикалық қағидаларын	Педагог өз кәсіби қызметінде моральдық құндылықтар мен этикалық нормаларды

		шынайылық сияқты құндылықтардың рөлі. Кәсіби этиканың мазмұны мен функциялары – педагогтың мінез-құлық нормалары, қызметтік міндеттерді орындаудағы этикалық шектеулер.	анықтау және түсіндіру. Педагогикалық қызметте кәсіби әдептің рөлін, оның оқушы, ата-ана және әріптестермен қарым-қатынасқа әсерін талдау.	дұрыс қолдана алады.
2	Балалармен қарым-қатынас этикасы: эмоционалдық қауіпсіздік және қолайлы орта қалыптастыру	Педагог пен бала арасындағы этикалық қарым-қатынас – бала қадір-қасиетін құрметтеу, тұлғалық ерекшеліктерін ескеру, қолдау көрсету. Педагогикалық әдеп талаптары – сөйлесу мәдениеті, эмоционалды ұстамдылық, педагогикалық такт.	Балалармен қарым-қатынас этикасының негізгі принциптерін, педагогикалық әдеп нормаларын және моральдық құндылықтарын анықтау.	Кәсіби әрекеттерінде этикалық тепе-теңдікті сақтап, моральдық және этикалық нормаларды орындауға қабілетті болады.
3	Педагогтың кәсіби имиджі және мәдени мінез-құлық стандарттары	Кәсіби имиджді қалыптастыру және дамыту жолдары – өзін-өзі дамыту, кәсіби білімін жетілдіру, рефлексия, кері	Педагогтың сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, кәсіби коммуникациясы және этикалық әрекеттері арқылы үлгі болу	Мәдени мінез-құлық стандарттарын сақтай отырып, оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді және

		байланыс қабылдау. едагогтың кәсіби имиджінің мәні мен компоненттері – сыртқы келбет, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық стилі, кәсіби құзыреттер.	мүмкіндіктерін талдау. Кәсіби имиджді қалыптастыру, дамыту және этикалық қателіктерді болдырмау стратегияларын анықтау.	этикалық қарым-қатынас орната алады.
4	Ата-анамен қарым-қатынас мәдениеті және әріптестік этикасы	Педагогикалық такт және мінез-құлық мәдениеті – оқушыға, ата-анаға және әріптеске құрметпен қарау; әділ, байсалды әрекет ету. Қызметтік этикет және кәсіби мінез-құлық нормалары – амандасу, тыңдау, дауыс ырғағын реттеу, конфликтіні өршітпеу.	Ата-анамен ынтымақтастықты нығайту, ақпарат алмасу және шешім қабылдауда серіктестік дағдыларын дамыту стратегияларын көрсету.	Ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби әдеп пен моральдық жауапкершілікті сақтайды.
5	Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы: стрессті басқару және этикалық тепе-теңдік	Эмоционалдық тұрақтылықтың педагог кәсібіндегі рөлі – кәсіби күйіп кетудің алдын алу, тиімді қарым-қатынас, сабырлы шешім қабылдау. Стрессті басқару стратегиялары	Педагогикалық қызметтегі стресстік жағдайларды сипаттау және олардың эмоционалдық және кәсіби салдарға әсерін талдау. Стрессті басқару әдістері мен	Педагог стресстік жағдайларды тану және басқару дағдыларын меңгереді.

		– релаксация әдістері, тыныс алу жаттығулары, тайм-менеджмент, өзін-өзі қолдау дағдылары.	эмоционалды тұрақтылықты сақтау стратегияларын зерттеу.	
6	Этикаға қайшы жағдаяттарды кәсіби түрде дұрыс бағалау және шешім қабылдау	Жағдаяттарды талдаудың кәсіби алгоритмі – мәселені анықтау, себеп-салдарын талдау, қатысушылардың құқығы мен мүддесін бағалау. Шешім қабылдауда объективтілік пен әділдікті сақтаудың маңызы – эмоцияға берілмеу, жеке пікір мен кәсіби нормаларды ажырата білу.	Этикаға қайшы жағдайлар ұғымын және олардың педагогикалық қызметтегі көрінісін анықтау. Педагогикалық шешім қабылдауда кәсіби және этикалық нормаларды сақтау принциптерін зерттеу.	Этикалық дилеммалар мен қиын жағдайларды кәсіби және моральдық тұрғыдан бағалап, дұрыс шешім қабылдай алады.
7	Этикалық тәуекелдер: алдын алу, анықтау және басқару	Этикалық тәуекелдердің пайда болу себептері – эмоционалды шаршау, кәсіби құзыреттіліктің жеткіліксіздігі, коммуникация мәдениетінің төмендігі, ұйымдық бақылаудың әлсіздігі.	Этикалық тәуекелдерді алдын алу стратегияларын зерттеу және кәсіби этиканы сақтау жолдарын қарастыру. □ Педагогикалық қызметте тәуекелдерді ерте анықтау және мониторинг	Этикалық тәуекелдерді алдын алу стратегияларын меңгереді және кәсіби этиканы сақтау жолдарын қолданады.

		Этикалық тәуекелдерді алдын алу стратегиялары – этикалық кодексті түсіндіру, тұрақты оқыту, кәсіби мәдениет қалыптастыру, тәуекел факторларын ерте анықтау.	жүргізу әдістерін сипаттау.	
8	Жеке кәсіби рефлексия және өзіндік даму стратегиялары	Өзіндік рефлексия: жеке әрекеттер, эмоциялар және шешімдерді талдау. Педагогикалық әрекетке талдау: сабақ немесе тәрбиелік іс-шараның тиімділігін бағалау. Этикалық рефлексия: кәсіби әдеп пен моральдық нормаларды сақтау деңгейін тексеру. Эмоционалды рефлексия: стресстік немесе шиеленісті жағдайларда өз эмоциясын басқару тәжірибесін қарастыру.	Жеке кәсіби рефлексия ұғымын, оның педагог қызметіндегі маңызы мен рөлін анықтау.	Тәрбиеші өз кәсіби мәдениетін, моральдық құндылықтарын және этикалық тепе-теңдігін жетілдіру қабілетіне ие болады.

Біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыптары	Лекция	Практ. сабақ	Тест	Барлығы
1	Модуль 1. Тәрбиеші - педагог мамандығының моральдық құндылықтары және кәсіби этика	2	6	2	10
1.1	Тәрбиешінің кәсіби рөлі, қызметтік міндеттері және әдеп нормалары	1	2		3
1.2	Тәрбиешінің кәсіби мінез-құлқы: үлгілік біліктілік сипаттамаларына сай талаптар	1	2	1	4
1.3	Тәрбиешінің тұлғалық мәдениеті: сөйлеу мәдениеті, киім үлгісі, мінез-құлық этикасы		2	1	3
	Модуль 2. Балалармен қарым-қатынас этикасы: эмоционалдық қауіпсіздік және қолайлы орта қалыптастыру	2	8	1	11
2.1	Эмоционалдық қауіпсіздік ұғымы және оның маңызы	1	2		3
2.2	Балалармен тиімді коммуникация принциптері	1	2	1	4
2.3	Қолайлы және қолдау көрсететін орта құру		4		4
	Модуль 3. Педагогтың кәсіби имиджі және мәдени мінез-құлық стандарттары	2	12	1	15
3.1	Педагогтық имидждің мәні және маңызы	1	4		5
3.2	Этикалық және мәдени нормаларды сақтау	1	4	1	6
3.3	Өз кәсіби имиджін тұрақты дамыту		4		4
	Модуль 4. Ата-анамен қарым-қатынас мәдениеті және әріптестік этикасы	2	6	1	9

4.1	Ата-анамен кәсіби этикаға негізделген қарым-қатынас	1	2		3
4.2	Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру	1	2	1	4
4.3	Ата-аналарды ақпараттандыру және қолдау көрсету		2		2
	Модуль 5. Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы: стрессті басқару және этикалық тепе-теңдік	2	6	1	9
5.1	Эмоционалдық тұрақтылық ұғымы және маңызы	1	2		3
5.2	Стрессті басқару әдістері	1	2	1	1
5.3	Этикалық тепе-теңдік және моральдық жауапкершілік		2		2
	Модуль 6. Этикаға қайшы жағдаяттарды кәсіби түрде дұрыс бағалау және шешім қабылдау	2	8		10
6.1	Этикалық қайшылық ұғымы және түрлері	1	2		3
6.2	Жағдайларды бағалау әдістері	1	2		3
6.3	Қарама-қайшылықты шешу стратегиялары		4		4
	Модуль 7. Этикалық тәуекелдер: алдын алу, анықтау және басқару	2	5	1	8
7.1	Этикалық тәуекел ұғымы және түрлері	1	2		3
7.2	Этикалық тәуекелдерді анықтау әдістері мен алдын алу шаралары	1	2	1	4
7.3	Тәуекелді басқару стратегиялары		1		1
	Модуль 8. Жеке кәсіби рефлексия және өзіндік даму стратегиялары	2	5	1	8
8.1	Рефлексиялық әдістер мен құралдар	1	2		3

8.2	Өзін-өзі жетілдіру және кәсіби компетенттілікті арттыру	1	2	1	4
8.3	Эмоциялық және кәсіби өсу		1		1
	БАРЛЫҒЫ:	16	56	8	80

6. Оқу үрдісін ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары үшін «Педагогикалық әдеп: тәрбиешінің этикасы мен мәдениеті» атты біліктілікті арттыру курсы бекітілген оқу-тематикалық жоспарға сәйкес дәстүрлі (очные) форматта ұйымдастырылады. Курс жалпы ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды және 2 оқу аптасына есептелген.

Оқу процесінің ұйымдастырылуы ересектерді оқытудың қазіргі тәсілдеріне, белсенді, практикалық-бағытталған және қызметтік оқыту принциптеріне бағытталған. Курс біліктілікті арттырудың тиімді әдістерін қолдануға негізделген, бұл әдістер Қазақстанның ұлттық білім беру басымдықтарына және балалық шақтағы білім сапасын халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Оқу процесіне келесі қазіргі педагогикалық әдістемелер мен тәсілдер енгізілген:

1. Интерактивті оқыту Топтық жұмыс формаларын, ми шабуылын (brainstorming), шағын топтардағы талқылауларды, балабақша тәжірибесіндегі практикалық кейстерді талдауды қолдану.

2. Практика арқылы оқыту Бұл әдіс педагогтардың кәсіби тәжірибесін арттыруға, нақты іс-әрекеттер арқылы этикалық дағдылар мен мәдени мінез-құлықты дамытуға бағытталған. Қатысушылар келесі тапсырмаларды орындайды: Балалармен, әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу жағдайларын практика жүзінде қарастыру; Этикалық дилеммалар мен қиын педагогикалық жағдайларды талдау арқылы кәсіби шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

3. Кейс-әдіс Ата-анамен өзара әрекеттесу: қиын сұрақтар мен конфликт жағдайларын этикалық және мәдени тұрғыдан шешу. Балалардың мінез-құлқындағы қиындықтар: тәрбие процесінде кездесетін қақтығыстарды және тәрбиеші реакциясын талдау.

4. Коллаборативті (бірлескен) оқыту Қатысушылар жұптарда және шағын топтарда бірлескен білім беру жобалары бойынша жұмыс істейді, педагогикалық жағдайларды модельдейді, тәжірибе алмасады.

5. Проблемалық-диалогтік оқыту Педагогикалық ойлауды, рефлексияны және шешім іздеуді ынталандыратын проблемалық сұрақтарды қою, ағымдағы балабақша білім беру бағдарламалары шеңберінде талқылау.

6. Теория мен практиканы интеграциялау Әр модульде қатысушылар жағдаяттарды талдайды, содан кейін алынған білімді педагогикалық сценарийлер мен модельдерді әзірлеуде қолданады.

7. Қалыптастырушы бағалау Тренерлер мен әріптестерден үздіксіз кері байланыс алу, өз-өзін бағалау және оқу қызметінің нәтижелерін өзара бағалау.

8. Цифрлық құралдар мен ресурстар

Курс аясында педагогтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық платформалар мен құралдар қолданылады:

- **Google Workspace (Docs, Slides, Forms)** – бірлескен жұмыс және сауалнамалар жүргізу үшін.

- **Kahoot, Quizizz** – интерактивті тестілеу үшін.

- **Padlet, Miro** – идеяларды визуализациялау және топтық талқылау үшін.

- **Бейнеаналитика және әдістемелік бейнелер** – нақты жағдайларда педагогикалық өзара әрекеттестікті талдау үшін.

- **Қазақстанның білім беру платформалары (BilimLand/IQsha/Квадриум және басқалары)** – БҰҰ цифрлық ортасын байыту үшін ресурс ретінде.

Қатысушылардың білімін бақылау және бағалау формалары:

1. Практикалық тапсырмалар – оқу процесінің компоненттерін (орта, жоспарлар, қарым-қатынас жағдайлары) талдау және әзірлеу.

2. Жобалық жұмыс – ДОО-да белгілі бір қызмет бағытында дамуға арналған шағын білім беру жобасын жасау (мысалы, инклюзивтік тәсіл, оқу процесін даралау).

3. Презентациялар және жобаларды қорғау – жұмыс нәтижелерін жария түрде таныстыру және талқылау.

4. Рефлексия және өзін-өзі бағалау – оқу барысында жеке кәсіби дамуды талдау.

5. Тестілеу – курстың негізгі мазмұндық блоктары бойынша аралық немесе қорытынды тестілеу.

Осылайша, курс практикалық бағыттылығы, заманауи тиімді оқыту формалары және цифрлық құралдарды біріктіреді, бұл балабақша педагогтарының кәсіби өсуін қамтамасыз етіп, оларды жаңартылған балабақша бағдарламалары мазмұнын барлық ұйымдастырылған қызмет түрлерінде жүзеге асыруға дайындайды.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі курстың барлық модульдерінің мазмұнын кешенді меңгеруге, балабақшадағы тәрбие және оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру саласындағы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл қазіргі тәсілдер, халықаралық стандарттар және тиімді педагогикалық практикаларға сүйенеді.

Курстың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мыналар кіреді:

1. **Біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы**, оның ішінде мақсаттары, міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері және жоспарланған бақылау формалары көрсетілген.

2. **Лекциялық және практикалық сабақтарға арналған әдістемелік материалдар**, оның ішінде презентациялар, схемалар, кестелер, бейнематериалдар және әдістемелік ұсыныстар.

✓ **Таратпа және анықтамалық материалдар:**

- Қиындықтар туындаған жағдайда этикалық және мәдени тұрғыдан шешім қабылдауға арналған чек-листтер;

- Балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және даму қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие ортасын құру.

✓ **Практикаға бағытталған тапсырмалар** (жеке және топтық орындау үшін), олар:

- Тәрбиеші этикасы мен мәдениетін ескере отырып, сабақ немесе ойынның толық сценарийін құру.

- Балалардың әрқайсысының жеке дамуын қолдайтын әдістерді енгізу.

✓ **Диагностикалық және рефлексивтік құралдар:**

- кәсіби құзыреттіліктің бастапқы және қорытынды диагностикасы;

- өзін-өзі бағалау анкетасы;

- рефлексивтік карталар (модульге дейін/кейін);

- бейнеситуацияларды талдау үшін бақылау парақтары.

✓ **Қорытынды бақылауға арналған материалдар**, оның ішінде:

- қорытынды әдістемелік жобаны дайындау және қорғау (сценарий, модель, жоспар немесе технология);

- педагогикалық табыстар мен шешімдерді презентациялау;

- курстың негізгі тақырыптары бойынша тестілеу өткізу.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізупроцесінде де – қалыптастырушы бағалау арқылы да, курсты аяқтағаннан кейін де оның мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау.

Қалыптастырушы бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде жүзеге асырылады.

Тапсырмалар, орындау бойынша ұсыныстар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған стандарттар, тапсырмаларды бағалау критерийлері біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі.

Мұғалім тыңдаушылардың кестеге сәйкес тапсырмаларды орындауын бақылайды, жақсартудың орындары мен тәсілдерін көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспарлар құру, оқушыға күрделі тақырыпты түсіндіру кезінде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, өз бетінше таңдау, тапсырмалар, жаттығулар, шағын тренажерлар, оқушыларға арналған тесттер зерттелетін тақырып аясында.

Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т. б. түрінде жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, қорытынды тестілеуді өткізу үшін модульде оқылатын әрбір тақырыпқа 15-20 тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді. Тыңдаушы 24 тест тапсырмасынан, әр тақырып бойынша 3-4 тапсырмадан тұратын тест тапсырады. Тапсырмаларды таңдау кездейсоқ түрде жүзеге асырылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Посткурстық сүйемелдеу бағдарламасы тыңдаушылардың оқу барысында алған кәсіби құзыреттіліктерін қолдауға және дамытуға, сондай-ақ оларды күнделікті педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Біліктілікті арттыру курсы аяқталғаннан кейін мектепке дейінгі білім беру педагогтары **SMART-мақсаттарды** қамтитын, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының мазмұнын іске асыру әдістерін жетілдіруге бағытталған жеке **Action plan (іс-қимыл жоспарын)** әзірлейді. Жоспарда кәсіби өсудің басым бағыттары және алынған білімді балалармен ұйымдастырылған қызметке енгізу жолдары көрсетіледі.

Посткурстық сүйемелдеудің бірінші кезеңінде педагогтарға онлайн-кеңестер, электрондық хаттар, мессенджерлер және қашықтан өзара әрекеттесу платформалары арқылы әдістемелік қолдау көрсетіледі. Осы кезеңде тыңдаушылар пайда болған кәсіби міндеттер мен қажеттіліктерді ескере отырып, жеке іс-қимыл жоспарларын түзете алады.

Екінші кезеңде педагогтарға білім беру қызметін жоспарлау, дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру, инклюзивті тәсілді іске асыру, сондай-ақ оқу процесін жекешелендіру мәселелері бойынша тереңдетілген сүйемелдеу жүргізіледі. Ерекше назар Lesson Study/Action Research форматындағы зерттеушілік іс-әрекет түрлеріне аударылады. Курстың жетекшісі педагогтарға әдістемелік және цифрлық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ практикалық бастамаларды іске асыру барысында оларды қолдап, бағыт-бағдар береді.

Үшінші кезеңде педагогтардың кәсіби өсуі қадағаланады, жаңа тәсілдерді мектепке дейінгі ұйымдарда табысты жүзеге асырып жүрген тыңдаушылардың тәжірибесі жинақталып, талданады. Посткурстық сүйемелдеу аясында тыңдаушылар тәжірибе алмасу іс-шараларына, салалық әдістемелік басылымдарға мақалалар жариялауға, педагогикалық шеберлік байқауларына қатысуға ынталандырылады. Алдыңғы қатарлы идеяларды насихаттау және инновациялық тәжірибені жинақтау семинарлар, конференциялар және жарияланымдық белсенділік арқылы жүзеге асырылады.

№	Курстан кейінгі іс-шаралар қолдау көрсету	Жүріс-тұрыс формасы	Жауапты
1	Жеке Action Plan әзірлеу және бастапқы қолдау	Курстың соңғы күні	Тренерлер
2	Тереңдетілген әдістемелік және практикалық қолдау	Вебинар кеңес	Тренерлер
3	Нәтижені бақылау, тәжірибе жинақтау және тарату	Жарияланымдар	Тренерлер
4	Кәсіби этика мен педагогикалық әдеп нормаларын тәжірибеде қолдану	Онлайн сауалнама	Тренерлер
5	Ата-аналармен және әріптестермен этикалық өзара әрекеттесу тәсілдерін жетілдіру	Вебинар кеңесі	Тренерлер
6	Балабақшадағы этикалық мәдениетті дамытуға бағытталған шағын жобаларды жүзеге асыру	Онлайн сауалнама	Тренерлер
7	Эмоционалдық тұрақтылық және кәсіби күйіп қалудың алдын алудың әдістерін тәжірибеде қолдану	Конкурстар	Тренерлер
8	Педагогтар өз тәжірибесі туралы мақалалар жазуға, кәсіби байқауларға қатысу	семинар	Тренерлер
9	Тәрбиешілер этикалық мәдениет бойынша шеберлік сабақтарын өткізу	Конкурстар	Тренерлер
10	Жанжалсыз қарым-қатынас модельдерін жасау	Жарияланымдар	Тренерлер

10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Баймұхамбетова, Л. Психология и этика взаимодействия с детьми дошкольного возраста. Алматы, 2021.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Бала тәрбиелеу және оқыту бағдарламалары. Нұр-Сұлтан, 2022.
3. Молдабекова, Д. *Қазақ педагогикасы мен мәдениеті негіздері*. Алматы, 2021.
4. Егенисова, А.Қ. Педагогикалық шеберлік [Мәтін]: оқу құралы / А.Қ. Егенисова.- Ақтау:Эверо, 2022.- 252 б.
5. Сұлтанова, Ғ.Т. Жаңаша оқыту (жас маманға арналған көмекші). Кімді? Не үшін? Қалай оқытамын? [Мәтін]: оқу құралы / Ғ.Т. Сұлтанова.- Алматы: Medet Group, 2021.- 146 б.
6. Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. 2023. – 225 б.
7. Мирза, Н.В. Профессиональная компетентность педагога [Мәтін]: монография / Н.В. Мирза.- Алматы: Alem book, 2024.- 256 б

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (Приказ МОН РК № 348 от 15.07.2022 г.).
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (утверждена Приказом МОН РК № 381 от 24.08.2022 г.).
3. Накышов Н.Н., Бүркіт Ә.Қ. Педагогикалық қызметкерлердің әдеп нормалары. Оқу-әдістемелік құрал. .-Алматы:ЭСПИ, 2024
4. Тойшыбекова М.Қ. Тренингтегі ойын. Ойындық өзара іс-әрекет мүмкіндіктері:оқу құралы.-Алматы: Альманахь.2021.-54б.
5. Докучаев, И.И. Аксиология культуры [Текст]: учебное пособие / И.И. Докучаев.- СПб: Лань, 2022.- 356 с.
6. Кирбасова, Л.Г. Іскерлік қатынастар этикасы [Мәтін]: оқу құралы / Л.Г. Кирбасова; рец.: Б.С. Саубетова, Н.Х. Маулина.- Ақтау: КТИУ, 2024.- 102 б.
7. Мирза, Н.В. Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас [Мәтін]: оқу құралы / Н.В. Мирза, Р.Б. Маженова.- Алматы: Alem book, 2024.- 212 б.
8. Rustamov,F. Karimova F., Rustamova S. Pedagogy.-Baki:Eim və təhsil, 2022-388 р.
9. Репринцева, Г.И. Игра-ключ к душе ребенка. В чьих руках окажется это волшебное средство? [Текст]: Научно-метод.пособие / Г.И. Репринцева.- 2-е изд.испр.и доп.- Москва: ИНФРА-М, 2024.- 319 с.
10. Brunsek A, Perlman M, McMullen E, Falenchuk O, Fletcher B, Nocita G, Kamkar N, Shah PS. A meta-analysis and systematic review of the associations between professional development of early childhood educators and children’s outcomes. Early

- Childhood Research Quarterly. 2020;53:217–248. doi: 10.1016/j.ecresq.2020.03.003. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]
11. Burchinal MR, Cryer D, Clifford RM, Howes C. Caregiver training and classroom quality in child care centers. *Applied Developmental Science*. 2002;6(1):2–11. doi: 10.1207/S1532480XADS0601_01. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]
12. Eadie P, Levickis P, Murray L, Page J, Elek C, Church A. Early childhood educators' wellbeing during the Covid-19 pandemic. *Early Childhood Education Journal*. 2021;49:903–913. doi: 10.1007/s10643-021-01203-3. [[DOI](#)] [[PMC free article](#)] [[PubMed](#)] [[Google Scholar](#)]
13. Grist CL, Caudle LA. An examination of the relationships between adverse childhood experiences, personality traits, and job-related burnout in early childhood educators. *Teaching and Teacher Education*. 2021 doi: 10.1016/j.tate.2021.103426. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]